Қылмыстық іс бойынша жазаның түрлері және оның түсінігі

Жаза дегеніміз- сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбірлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаныүшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқытары мен бостандықтарынан қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жаза әлеметтік әділеттікті қалпына келтіру, сондай –ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады№ Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді, жаза түрлеріне келер болсақ қылымыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі адамға төмендегідей негізгі жазалар қолданылады:

Айыппұл;

түзеу жұмыстары;

қоғамдық жұмыстарға тарту

қамаққа алу;

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

Қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамға мынандай негізгі жазалар қолданылады:

айыппұл;

түзеу жұмыстары;

қоғамдық жұмыстарға тарту;

бас бостандығын шектеу;

бас бостандығынан айыру;

өлім жазасы

қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:

мүлкін тәркілеу;

арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттікнаградаларынан ацыру;

белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

Айыппұл – осы қылмыстық кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді.

Түзеу жұмыстары – осы қылмыстық кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін – жиырмадан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Бас бостандығынан айыру сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне жіберу арқылы оны қоғамнан оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады. Қылмыстық кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он жылдан аспайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін.

Өлім жазасы – ату жазасы адамдардың қаза табуымен ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтінішхат беру құқығы беріледі. Өлім жазасы он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды

Өскемен қаласының
мамандандырылған тергеу соты
әкімшісінің бас маман сот
отырысының хатшысы Альбина Тоқтасынқызы Куашпаева

Хабарландыру

"NABI Company" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 06.08.2025 жылы ШҚО, Новохайрузовка а/о, Ново-Хайрузовка ауылы, Достық көшесі 76 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша

- сағат 10:00-де "Волластониттің Хайрузов кен орнында Шығыс Қазақстан облысында ашық тәсілмен қорларды пысықтау. "Останец 2" жер қойнауы учаскесі"

- сағат 11:00-де "Волластониттің Хайрузов кен орнында Шығыс Қазақстан облысында ашық тәсілмен қорларды пысықтау. "Останец 3" жер қойнауы учаскесі".

- сағат 12:00-де "Волластониттің Хайрузов кен орнында Шығыс Қазақстан облысында ашық тәсілмен қорларды пысықтау. "Останец 5" жер қойнауы учаскесі" тау-кен жұмыстарының жоспарларына құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz/, Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (ҰДБ), сондай–ақ "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ сайттарында қолжетімді.

Ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ҰДБ сайтында, сондай-ақ Өскемен қ-сы, К. Либкнехт көшесі 19 "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz , 8(7232)25-70-82 тел. бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Идентификатор конференции: 816 1621 3091

Код доступа: 923977.

Белсенді сілтеме БЭП және ЖАО "ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ сайтында ұсынылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "NABI Company" ЖШС қолжетімді. БСН: 130640015332. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, 1 шағын ауданы, 20 үй, 34 пәтер.

Жобалаушы - "Сидякин Е.А." ЖК. ҚР, Өскемен қ., Гагарин бульвары 19/127. Тел.: 87003401184. Эл.мекен-жайы: ofis@eco2.kz.

Объявление

ТОО "NABI Company" сообщает, что в соответствии с требованиями статьи 96 ЭК РК 06.08.2025 года по адресу ВКО, Новохайрузовский с.о., с.Ново-Хайрузовка, Достык 76 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплекту документов:

В 10:00 часов к Плану горных работ "Отработка запасов на Хайрузовском месторождении волластонита открытым способом, в Восточно-Казахстанской области. Участок недр "Останец 2"";

В 11:00 часов к Плану горных работ "Отработка запасов на Хайрузовском месторождении волластонита открытым способом, в Восточно-Казахстанской области. Участок недр "Останец 3"";

В 12:00 часов к Плану горных работ "Отработка запасов на Хайрузовском месторождении волластонита открытым способом, в Восточно-Казахстанской области. Участок недр "Останец 5"".

Проектная документация доступна на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте МИО ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО".

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г. Усть-Каменогорск, ул.К.Либкнехта,19 ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО", g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz , тел. 8(7232) 25-70-82

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции: 816 1621 3091;

Код доступа: 923977.

Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МИО ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО".

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО "NABI Company". БИН: 130640015332. Республика Казахстан, область Абай, город Семей, 1 микрорайон, д. 20, кв. 34.

Проектировщик - ИП "Сидякин Е.А.". Юр.адрес: Республика Казахстан, ВКО, г. Усть-Каменогорск, Бульвар Гагарина, 19-127. Тел.: 87003401184. Эл.адрес: ofis@eco2.kz.